

**Жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 тамыздағы N 25-6 Шешімі. Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қыркүйекте 96 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 тамыздағы № 43-5 шешімімен

**Ескертпе. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 20.08.2015 № 43-5 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі:**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 11 бабының 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шу ауданы Шу қаласы елді мекенінде (үй іргесіндегі жер телімдерін қоспағанда) жеке меншікке берілетін жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына екі есеге кемітетін түзету коэффициенті бекітілсін.

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Е. Жиенбеков*

*Мәслихат хатшысы*

*Б. Саудабаев*